

№ 12 дәріс

Тақырыбы: ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢІ

Дәрістің мақсаты: Қазақ тіл біліміндегі жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарының сипаты және А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері мен Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамаларымен таныстыру, саралап көрсету.

Дәрістің жоспары:

1. Қазақ тіл біліміндегі жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарының сипаты
2. А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері
3. Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамалары

1. Жалпы қазақ тіл білімінде ЖТ термині әдеби тіл ұғымын айқындау бағытында туып, қалыптасқаны белгілі. Сондықтан ЖТ дегеннен гөрі *жазба әдеби тіл* деген термин көбірек айналымға түсті. Мысалы: «Ауызша әдеби тіл мен жазбаша әдеби тіл қазақ әдеби тілінің екі саласын құрайды. ЖТ-ның көркем әдебиет, ғылыми шығарма, публицистикалық түрлері болады». «Қазіргі әдеби тіліміздің екі түрі бар екенін зерттеушілер мойындап жүр. Оның бірі жазба әдеби тіл де, екіншісі әдеби тіліміздің ауызекі сөйлеу түрі». Проф. С.Исаевтің «жазуды қолдану, жазуға көшіп, ЖТ-ны қалыптастыру халық тарихында цивилизацияның басталуы болып қаралмайды. ЖТ-ға, жазуға көшу- бұрын басталған процесті аяқтаудың, оның қалыпқа түскен жүйе ретінде бекітудің нышаны ғана болса керек». «ХҮІІІ-ХІХ ғ. ақындарын жазба әдебиет өкілдері деп танымыз» деген ойларынан ЖТ мен жазба әдеби тілді саралаудың нышандарын байқаймыз. Жазба деген атау норма, әдеби тіл деген ұғымдармен балама ретінде қарастырылды.

Орыс тіл білімінде әдеби тілдің қалыптасуына негіз болған жазу деген пікір басым. Қазақ тіл білімінде осы бағытты ұстанатын проф. М.Балақаев «жазба әдебиет тілі арқылы жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланған қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғарғы формасы» танылады деді. Алайда «ЖТ атаулының бәрі бірдей әдеби деп таныла бермейді. Әдебилік сипатын анықтайтын меже-жазбаша болғандығы емес» деген пікір алдыңғысына қарағанда басым.

«Қазақ тілі стилистикасы» авторларының жалпыхалықтық стиль ауызекі сөйлеу стилі мен кітаби жазу стиліне ажырайды деп көрсетуінің үлкен маңызы болды. Бұл ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша тілді айырып көрсетудің басталуы іспеттес. Ғалымдар публицистикалық, іс-қағаз, көркем әдебиет, ғылыми стильдердің бірігіп келіп, ортақ бір жалпы тілге, кітаби-жазу стиліне ұйымдасатынын көрсеткен. «Стиль - қолдануда өзіндік ерекшелігі бар, айырым белгілері бар, тілдік элементтер жүйесі немесе әдеби тілдің өзіндік сөздік құрамы, грамматикалық тұлғалары бар сараланған бөлігі» болып анықталған..

Қазақ ЖТ терминінің шығуына ХҮІІІ-ХІХ ғғ. *жазба дәстүр* (С.Исаевтің термині) негіз болды.

Түркі кеңістігінде ХҮ-ХҮІ ғ. бастап, ХІХ ғ. екінші жартысына дейін қолданылған, ғалымдардың *орта түрік әдебиет тілі* (Н.Сауранбаев), *кітаби тіл* (Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев), *көне қазақ жазба әдеби тілі* (Әбілқасымов Б.), *кітаби мұсылманша татарша жаргон* (С.Е.Малов), *өзбектілі* (А.Боровков), *тілдік дәстүр* (С.Исаев), *ескі қазақ жазба тілі* (Н.Уәлиұлы) деген терминдік атауына ие болған *жазба әдеби тіл* - орта түркі жазба немесе шағатай тілінің жазуы қазақ даласында іс қағаз официоимдеріне қызмет ету дәуірінде қалыптаса бастады. Оған проф. Р.Сыздық ертеден Орта Азия түркі халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілі, таза шағатай тілі мен татар, қазақ тілдерінің элементтерін араластырып жазған әр алуан жанрдағы нұсқалардың, яғни діни қисса-дастандар, ислам канондарының аудармасы тағы сол сияқты әртүрлі үлгілердің тілі деп анықтама беріп, орфографиялық белгісіне қосымшалардың бір вариантта жалғанатынын жатқызған.

Профессор Ә.Құрышжанов кітаби тіл ерекшелігіне орфограммалық ерекшеліктерді атаған еді. Сондықтан бұл тіл қазақ тіл білімінде ең алғаш ЖТ деген ұғымды орнықтырды. Мысалы, Қазақ совет энциклопедиясында «ЖТ - жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл. ЖТ-да ауызекі тілде тұтынудан шығып қалған дыбыс, сөз, тіркес, форма сақталады. Көне түркі тайпаларында сөз басында с, ч, ж, й дыбыстық варианттарын қолданатын бірнеше диалект болғанына қарамай, орхон-енисей ЖТ й вариантына ие диалект негізінде жасалып, өзге тайпалар үшін ортақ үлгі болды. Мұндай ортақ ЖТ қызметін орта ғасырда түркі тілдерінің оңтүстік тобының белгілерін молырақ сақтаған шағатай әдеби тілі, ХҮІІІ-ХІХ ғ. біршама татар жазба әдеби тілі атқарды» деген жолдар бар.

«Орта түркі жазба әдеби тілі - сол кезеңдерде бір-біріне әлдеқайда жақын, қазіргі кезде жігі әбден анықталып, жеке-жеке дербес халықтық, ұлттық тілдер дәрежесіне жеткен бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ топтарының құрамындағы түркі туыстас тілдерінің бәріне ортақ тіл болды. Шығармалар тілі қалыптасқан әдеби норманың заңдылықтарын сақтады. Ол заңдылықтар негізінен оғыз, қарлұқ тілдерінің заңдылықтарын қамтыды». Өзге лексикалық қор, бөтен грамматикалық құраммен жазылған мәтін барлық түркі жұртына ортақ ЖТ болды. Жалпы халық тілінен жырақ жатқан шағын ғана төбе топтың коммуникация құралы болған бұл ЖТ-мен (түрки, шағатай, кітаби тілмен) С.Сараидың «Гүлстаны», Қ.Қосымұлының «Жами-ат тауарих», Әбілғазы Бахадүрханның «Шежіре-и түрки» шығармалары, Махамбет, Абай шығармалараның Мүрсейіт қолжазбасы, ресми құжат, хат, жарлық, шежіре м»тіндері, ТУГ, «Айқап», ДУГ-тері жазылды.

Профессор С.Исаев ХІХ ғ. бермен қарай бұл жазба дәстүр ауызша сөйлеу элементтерін қабылдап, нормасын демократияландыра бастады деді. Сондықтан біз ғалымның І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтардың кітаби тілдің негізі - көне түркі тілі, ол қазақ халқына жат тіл емес, кітаби тілдің дәстүрі тым ұзақтан келеді деген пікірін дамыта отырып, ол тілді жатсыну мәселенің

дұрыс шешілуіне кедергі болады деген ойын құптаймыз. Және проф. Б.Әбілқасымовтың шағатай жазуын *көне қазақ жазба әдеби тілі* деп атауын мәселенің бір қадам ілгері дамуы, оң шешілуі деп түсінеміз. Өйткені бір инвариант фонеманы, соған сай бір грамматикалық форманы пайдаланған ЖТ-ны әр түркі халқы өзінің АТ-ның фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, тіпті синтаксистік деңгейінде қалыпқа келтіріп, өз сөйлеу нормасына сәйкес оқып, түсіністікке қол жеткізіп отырды. Бұл ЖТ қазақ тілінің жазу арқылы қатынас жасауына қызмет етті.

Ескі қазақ жазба тілінің лексикалық жүйесі мен графемалық жүйесінің сәйкестігі туралы, соған сай бұл жазба дәстүрді қазақ жазба тілінің бастауы деп айқындау қажеттілігін алғаш көтерген ғалым Н.Уәлиұлы болды. Осы идеяны дамытып, негіздеген Г.Мамырбекованың зерттеуі бар.

Жалпы *ескі қазақ жазба тілі* (Н.Уәлиұлы термині), ондағы жазба дәстүрдің қатандығы бүгінгі күн тұрғысынан ЖТ деген ұғымның айналымға түсуіне кедергі болды. ХХ ғ. басында ЖТ-ның демократияланып, АТ-ға жақындағаны тіл дамуындағы бірден бір дұрыс бағыт саналды. 1929 ж. конференцияда Е.Омаров морфологиялық принципті халықтың жалпы сауаты көтерілгенде, 5-10 жылдан кейін жүзеге асыруына болады деді.

Қазақ тіл білімінде жазу мен тілге қатысты мынадай термин байлығы бар: *тілдің ауызша және жазба жүйесі, ауызша және жазба түрі, АТ және ЖТ, тілдің ауызша және жазба формасы, ауызша және жазба нормасы, ауызша және жазба жұмсалымы, ауызша сөйлеу тілі және жазба тілі ...*

Бұлардың ішінде алғашқы үшеуі, яғни жазуды тілдің *бір жүйесі* деп алу 2000 жылдан бастап қана оның өзінде тек Н.Уәлиұлының тарапынан айтыла бастады, ал ХХ ғ. орта кезінен бастап жазуды тілдің бір өмір сүру формасы ретінде қабылдау қалыпты ұғымға айналды. Мысалы, «Қазақ әдеби тілінің жұмсалыу формасы екі түрлі - жазба әдеби тіл, сөйлеу әдеби тілі». «Сөйлеу тілі мен ЖТ - жалпы тілдің өмір сүру формалары. Орфоэпиялық норма мен орфографиялық норма жазу дәстүрінің байлығына байланысты алшақ немесе жақын болып келе береді». «Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқараалады». «Сөйлеу екі формада-ішкі және сыртқы формада жүзеге асады. Сыртқы форма ауызша, жазбаша түрде өмір сүреді».

Жалпы, осы бағыттағы форма дегеніміз не? Философиялық категория тұрғысынан келсек, «форма - мазмұнның өмір сүру тәсілі, мазмұнды сыртқа шығару тәсілі». Кез келген зат не құбылыстың ішкі мазмұны болады да, сыртқы тұрпаты (формасы) болады. Екі ұғым өзара әртүрлі деңгейде қарым-қатынаста болады. Алғашында форма мазмұнның ішкі болмысына сай келеді, екеуі теңбе-тең дәрежеде қатынасады. Уақыт өте келе мазмұн өзгеріске ұшырап, сыртқы тұрпатына сай келмейді. Сөйтіп, форма мен мазмұн қайшылыққа ұшырайды, жаңа мазмұн ескі форманы тастап, жаңа тұрпат іздей бастайды, ол өзінің ішкі болмысын айқындайтын жаңа тұрпат жасайды. Бірақ ол форма да тұрақсыз, өткінші болуы мүмкін. Осы тұрғыдан келсек, жазу АТ-ның өзгерістерін сол қалпында таңбалап отыру үшін өзінің тұрпатын үнемі жаңалап, ауыстырып отыруына тура келеді. Өйткені

фонемографиялық жазу типінің алдыңғы жазу типтерінен айырмашылығы сол жазу ДТ-ның лексикалық қорына сәйкес келеді. Яғни ДТ-ны білмеген жазуды оқи алмайды. Ал АТ өте белсенді үздіксіз процесс екенін білсек, әрі АТ дамуын мезгілінде түртіп алудың қашан да мүмкін бола бермейтінін аңдасақ, жазуды тек тілдің өмір сүруінің бір формасы деп анықтаудың реті жоқ. Жазуды тілдің өмір сүруінің бір формасы ретінде қарау қазақ емлесінің қалыптасуына, жетілуіне көлеңкесін түсірмей қойған жоқ. «Емленің басты кемшілігі жазба тілге деген және жазба тілдің ауызша тілге деген қатынасына дұрыс көзқарастың болмауына байланысты, осы арқылы рационалды орфографияның принциптері шешілер еді». Бұл емле сөздіктерін түзуде әсіресе АТ-ны айтылу нормасына жақындату үшін қатаңдарды ұяндатып (*жарқанат-жарғанат, қолқап-қолғап, шекара-шегара, көкөніс-көгөніс, қыркүйек-қыргүйек*), екі дауыстының біреуін түсіріп (*саргідір, сарауру, қарағаш, қарандыз*) жазу үрдістерін күшейтті. ҚТОС-ның 2р басылымы өзгертулер мен түзетулерге ұшырап шығуы дағдыға айналды. Тіпті жазу ауызша сөйлеу тіліне икемделу керек, ондағы өзгерістерді таңбалап отыруы керек, жазудың сөйлеу тіліне жүргізген билігін осылай реттеуге болады деген көзқарастар туа бастады (Б.Қалиев, С.Мырзабеков, Ә.Жүнісбек, Р.Сыздық). Бірақ АТ-ның әр дәуір ішіндегі өзгерістерін таңбалап болудың, таңбаланды дегеннің өзінде келесі даму жолдарын кодификациялаудың шегіне жету мүмкін еместігі айқын. Мұндай орфографиясы бар жазу өзінің коммуникация құралы болу қызметінен қалады. Адамдар үйреншікті түбір, қосымшаларды емес, бейтаныс түбір қосымшаларды оқып, оның оқылуын тауып уақытын кетіреді. Екіншіден, жазу мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, АТ-ны қағазға түсіргеннің АТ-ға кері тигізетін әсері бар: сөйлеу тілі «тұсалып», емін-еркін дамуы қиындайды. Тіл қағаздағы тұрпатымен ғана тыныстайды, одан басқа өмірі жоқ деген түсінік қалыптастырады. Бәрінен бұрын жазыл ған сөзді АТ-ның тезіне салмай немесе АС-ны ЖТ-ның тезіне салмай қалай жазылса, солай оқу, қалай айтылса солай жазу деген бейнормалылыққа бастайды. Сонымен, қазақ тіл білімінде ЖТ термині ХІХ ғ. ескі қазақ жазба тілі дәстүрі деген мағынада пайда болып, сол мағынада тұрақталып отыр. Алайда Н.Уәлиұлының жазуды тілдің өмір сүру формасы емес, тілдің дербес жүйесі деп алған бастамасы аталған терминді жазу арқылы жүзеге асатын, өзіндік тәсілдері мен бірлігі, деңгейлері бар, АТ-гаопозиция құрайтын дербес коммуникация құралы деген мағынада жұмсауға әкелді. Сондықтан біздің қолданысымыздағы ЖТ ұғымы ЖС арқылы ЖМ құралатын дербес жүйені қамтиды.

Қазақ жазуын АТ-дан бөлек сипат алдыруға, өзіндік жүйе құрдыруға ұмтылудың себебі неде? Бұл процестің ХХІ ғ. көтерілу себебі неден деген сауалға Е.Омаровтың сөзімен жауап берсек, халық фонетикалық жазумен сауатын көтеріп алғаннан кейін түбірлерді ғана көретін морфологиялық принципке көшетін кезі болады, ол жазу-көру санасы жетілген сауатты адамдар көбейгенде іске асады, әрі жазба дәстүрдің қалыптасуы, жазба мәдениеттің байлығы жазу ойды сыртқа шығарудың күшті құралына айналғанда жүзеге асады.

2. А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәлиұлы бір сөзбен былай деп түйген еді: «Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог - А.Байтұрсынұлы». А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінің фонологиялық негіздері, ондағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша «әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін)» білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігі туралы да бірегей зерттеу Н.Уәлиұлының «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» атты еңбегінен табылады. Онда Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба салған жалпы жазу теориясының фонологиялық негіздері А.Байтұрсынұлының «бес дауыстыға» құрылған жазуындағы әріптердің белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейтін сингарможазуында көрініс тапқаны толыққанды дәлелденгендіктен, біз А.Байтұрсынұлының жазу теориясына қатысты өзге де пікірлері мен ұсыныстары туралы сөз қозғағанды жөн көреміз. Ең бірінші, А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуі жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес келетінін айтқан жөн. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны.

Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер де ғалымның осы көзқарасын растайды. Л.В.Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген. Сонда таңба жүйелі емле (А.Б.) - тарихи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (А.Б.) - этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (А.Б.) - морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті ғалым «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін» төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.
3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.

Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сай келеді. Жалпы, бәрімізге белгілі 70-80 жж. фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бұл Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ұғымын басқа бағытта қарастырып кеткен беделді ғалымдардың (Л.Л.Щерба, Л.В.Зиндер) еңбегіне де байланысты. Алайда бұл жайында кейінгі зерттеулер мен пайымдаулар арасында қайшылық керіне бастайды. Қазақ орфографиясының негізгі принципі фонематикалық екенін алғаш дәйектеген Н.Уәлиұлы қазақ емлесінің негізгі ұстанымын белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады.

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдіс-тәсілдеріне жатады. Бұл әдісті А.Байтұрсынұлы «Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді», - деген екен: «Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Дыбыстар үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын» деген ұсыныстар барын айтады ғалым.

«Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де «аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді ... сөйтіп сөз басына ереже жасайды ... ондай емле оңай болып табылар ма»дейді А.Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлының орфограммасын шешіп алуды алдына мақсат еткен әріп қатары «үйлестікпен дүдәмал естілетін» б-п, т-д, ж-ш, з-с, ш-з фонемалары болды.

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын бірнеше (әдетте ЖТ- да алтауға дейін, АТ-да тоғызға дейін) нұсқада жүреді.

Ал А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақ жалғауын ұяң вариантымен ғана жазуды дұрыс көрген. «Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктік жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме» - Дүдәмал, ашық емес. Қасындағы

«с» дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей тұр. Күңгейленіп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, «Қас екең сау күндегі әнге салды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді. Позциялық әсері болмайтын дыбыстарға л, р, з фонемаларын жатқызады. Мысалы: *балдың, кардың, козда*. Бұл дыбыстардың неге позциялық әсері болмайтынынан бұрын, алдымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Яғни тілдің қатаң дыбысталуынан гөрі жұмсақ, үнді болып естілуін қалаған сыңайлы. Осы дәйексөз алған мақаланы жазған жылы А.Байтұрсынұлы *Алма-Ата* қаласының атын *Алматы* етіп жөндеуді ұсынған Т.Шонанов екеуінің хатында *-ты* вместо современной *-лы, -ды* свойственно тюркским языкам в частности ка- захскому ... *-ты*, в казахском языке является более древ- ним чем другие формы этого рода” деп, қазақ даласында *Шідерті, Қалдығайты, Бұлдырты, Мойынты* деген жер атаулары ұяндамай сақталып отырғанын айтады.

Бұл арада мәселе ғалымның бір мәселеге екі түрлі көзқарасы болғанын көрсету үшін емес, болмаса жазу нормасын негіздеуде «дүдәмал» жерге иек артқанын қателікке шығару үшін емес, жалпы қазақ жазуында қосымшалардың немесе шылаулардың позцияға тәуелді реңкгері таңбаланғандарын, морфонологиялық құбылыстар ғана емес, фонетикалық құбылыстар да таңбалағанын айтқымыз келді.

Ғалымның шартты рай жұрнағы *-са, -се* ме, әлде *-ііа, - ііе* ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позция ретінде *қонса, сепсе, келсе, қуса, қанса* тұлғаларын таңдап алуы - *кешше* (кешсе), *пішше* (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позцияда алдыңғысында әлді позцияда тұрғанын анықтағаны. Сондай-ақ ғалым *Қорғамбай - Қорғанбай, Арғышбай - Арғынбай, Тасқымбай - Тасқынбай, қоңған - қонған, жоңған - жонған, жаңған - жанған, көңген - көнген, өңген - өнген, сеңген - сенген, күңге - күнге* тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі «*қорғам*», «*арғым*» «*тасқым*» емес *қорған, арғын, тасқын* болады деп анықтайды. Сондай-ақ [н] дыбысын *қ, з, г* дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, «*қоныс*», «*қондық*», «*жону*», «*жондым*», «*жанып*», «*жанды*», «*көніп*», «*көнді*», «*өніс*», «*өнім*», «*мініп*», «*мініс*», «*сеніп*», «*сенім*», «*күнде*», «*күндік*» дегенде, «н» емес, «ң» екені айқындалады» дейді ғалым. А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позцияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр.

Ғалымның келесі негіздеген мәселесі - жалғаулықтардың сөздің аяққы дыбысына қарап айнып келуі жайында.

Ғалым h әрпін қазақ тілінде бар дыбыстың таңбасы де- ген. Шаршағанда - *үн, жақтырмағанда түн, өкінгенде - ан және ән, үнлеу, үһлеген, ашамаң* дейміз деген.

Қолданылатын реті аз болса да, тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезіледі дейді. Ал х дыбысын қ-ның реңкі деп табады. Өйткені ғалым х-ның

мағына айыратын қызметі шамалы дегенге саяды. Мысалы: *халық* - *қалық*, *құрметті* - *хұрметті*, *хажы* - *қажы* деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді. Автор көрсеткен бұл сөздердің ішінде тек *халық* сөзі ғана бүгінде *х* әрпімен таңбаланады. Ал *құрметті*, *қажы* сөздері негізгі реңкке көшкен. Бұл қатарды *дастархан* - *дастарқан*, *дихан* - *диқан*, *рахмет* - *рахмет* деген сияқты, екінші сыңары жазуда кодификацияланып кеткен сөздермен толықтыра беруге болады. Ендеше, әліпби құрамын өзгертудің қазіргі қарсаңында *h* әрпін алып тастау туралы ойлану керек. *Қақарман*, *жиқаз*, *гауқар* сөздерін алдын-ала дайындалған артикуляциямен айтсақ, қазақ тіліндегі басқа дауыссыздары сияқты төрт әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмаса, оны *к* - фонема-инвариантының варианты деп тану, әрі *к*, *г*-ні инвариант-фонеманың варианттары деп тану бірауызды бола қоймай отырғанда ертелеу сияқты. Қ.Жұбанов одағайларды айтқанда небір дыбыс құбылыстары шығып отырады, оның бәрін таңбалай беру мүмкін емес деген. Болса да тілдік қызметі бар құбылыстардың жазуда таңбалау мүмкіндігі табылып отырса, ол графикамыздың жетістігі деп ойлаймыз. *Ah*, *yh*, *туь*, *аһылау*, *үһлеу* сөздерін *ah*, *yh*, *түһ*, *аһылау*, *үһілеу* деп жазып, *h*-мен айтамыз десек, онда ЖТ мен АТ-ның айырмашылығын көрсететін басқа да көптеген құбылыстарды көрсетуге болады деген сөз. Мысалы, *мсқ* деп жазып, *мысық* деп айтамыз деген сияқты, болмаса *қол*, *ғана* деп жазып *қол*, *ғана* деп айтамыз дегендей (яғни *к*, *ғ*-ны әліпбиден алып тастау).

Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ грамматикасы мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін саралаған алғашқы лингвистердің бірі дейміз.

3. Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын екі мектеп тұрды. Оның бірі А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі болса, екіншісі Қ.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Н.Сауранбаев, Р.Сыздық) қалыптандыру мектебі болды.

Қазіргі қазақ графикасы мен әліпбиіндегі әріп-дыбыс қатынасы, емле принциптері, кірме сөздердің орфографиясы, кірме сөздерге қосымша жалғану қағидалары алдыңғы мектептен өзгеше бағыт алды десек, ол негізінен Қ.Жұбанов көзқарастарының өміршеңдігі мен ұсынған пікірлерінің қолдау тауып кеткеніне байланысты. Сондықтан қазіргі қазақ жазуы туралы сөз ету үшін Қ.Жұбановтың әліпби, фонема, орфография туралы ойларына тоқтала кеткен жөн.

Әріптік жазудың тірегі болған АС-ның дыбысқа бөлінуі туралы айтқан ғалымның ауыздан шыққан дыбыстың саны жоқ, олардың ішінде тек мағынаға ие болатындары ғана фонетика объектісі дегенін автордың жалпы тіл біліміндегі фонема ұғымынан хабардарлығы немесе фонема ұғымын өздігінен пайымдап отырғаны деп білеміз. Мысалы: «Баба дегендегі <б> екі басқа, бір емес. Сондықтан бұл екеуінің физиологиясы да басқа. Біз көп <б>-

ның бәрін де бір әріппен таңбалап, орта есепке келтіріп, бәрінің басын қосып, бір белгісін ғана алғанбыз» дейді ғалым.

Сондай-ақ автордың сөзайырымдық қасиеті жоқ п-ф, қ-х дыбыстарын п, қ фонемаларының дыбыстары деп қана танығанын (*Файзолла - Пайзолла*), «дыбысты түгел таңбалайтын әліпби ешбір елде жоқ» дегенін фонематикалық жазу түрінің теориясын меңгергені деп түсінеміз.

Қ.Жұбановтың «Оқымыстылар тіл дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Өйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бір-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншілігін сипаттаған болар еді» деген сөзі құрылымдық тіл білімі зерттеулерінен кешенді тіл білімі зерттеу әдістеріне ауысып отырған бүгінгі қазақ тіл білімінің жайына келеді. Соған қарап тіл білімінде фонетика, морфология, лексикология, синтаксис салаларының екшелініп зерттелінуінің, өз зерттеу пәні мен әдістерін, нысанын ерте анықтауын, орфография, жазу тарихы сияқты кеш дамыған аралық ғылым саласына жете көңіл бөлінбеген себебін парықтауға болады. Өйткені жазу тарихы ең арғысы тарих пен ұлт, этнос, дін тарихымен бергісі каллиграфиямен байланысты болса, орфография фонетика, морфология, семасиология, синтаксис салаларындағы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Ғалым структуралық тіл білімінің әр саласына қалам тартқанда оны міндетті түрде жазу мен практиканың қажеттілігіне байланыстырып отырады.

Ғалымның латын графикасына негізделген әліпби жобасын ұсынып, емлені жетілдіру жолында бірнеше ұсыныс айтқанын тиісті тарауда сөз еткен едік. Қайталап айтсақ, оның біреуі - біздің орфография Т.Шонанұлы айтқан мағынадағыдай фонетикалық принципке құрылуы керек. Бізде морфологиялық принцип пен фонетикалық принцип арасында флективті тілдердегідей үлкен айырмашылық болмау керек, бір түбірдің бірнеше формасы болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ орфографиясында түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылсын дегені болды Ғалым Е.Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абайлап қарау керек дейді емлені тілдің сол кездегі қалпынан ғана шығаруды дұрыс санайды.

Сондай-ақ қысаң, езулік ы, і дыбыс таңбалары туралы «Жанғазыға хатында» (1936 ж.) автор орыс тілінен енген сөздердегі ы, і-лерді қысқарту жағын көп ойластырады. Сондай-ақ қазақ тілінің бір буынды төл сөздерінде ы/і таңбасын салып, екі буындыда түбірдегі қысаңды түсіріп жазуды ұсынады: *біл - блек, ңыр - қрау, ыс - стау* «Буын айыртуды есепке алма. Қандай емле болса да, соған қарай буын жігін таптыру методикасын шығаруға болады» деді.

Сөйтіп, сөз жіңішкелігі *е, к, г* әріптерімен, болмаса дәйекші арқылы белгіленетін етеді.

Автор қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тілінің нормасы мен кейінгі жаңа нормасын айыра білу керектігін ескерткен.

Сонда бұрынғы 13 таңба 7 таңбаға дейін қысқарған: *a* - <*a*>, <*ә*>; *o* - <*o*>, <*ө*>; *y* - <*иу*>, <*уу*>; *ь* - <*ы*>, <*і*>, *i* - <*у*>, <*бу*>; *e* - <*e*>, *u* - <*ү*>, <*ү*>.

Жобабдағы өзгеріс-қазіргі қазақ графикасының басты проблемасы - қосар әріп (үу, ұу, ый, ій) таңбаларының дара таңбаға ауыстырылуы болды. Қ.Жұбановтың көзі тірісінде қабылданбаған жоба 1956 жылы М.Балақаевтың ұсынуымен ірі ғалымдардың құп көрмегеніне қарамастан жүзеге асқаны белгілі.

Қ.Жұбановтың бүгінгі қазақ жазуының жетілуіне қосқан үлкен үлесі осы тұс. Ғалым құлаққа шалынғанның бәрі таңбаға ие болмайтынын парықтап, бір таңбамен мағына ажырататын екі фонеманы да беруге болатынын көрген деп ойлаймыз. Қ.Жұбановтың айтуынша, дауыссыз дыбыстар жеке бөліп айтуға келмейді. *Б* әрпін не бы, не ыб, *р* әрпін не ыр, не ры деп айтамыз. Қазақ тілін әлі дыбысшыл кезеңге түгел жетіп болмаған, буыншыл қасиеттерін түгелімен жойып бітірмеген тіл деп табады ғалым.

Сонымен қатар, Қ.Жұбановтың «буын жігін айыртуды есепке алма. Қандай жазуда да буын жігін таптыру методикасын шығартып алуға болады» деген сөзі буын АТ-ның бірлігі, тасымал ЖТ-ның бірлігі екенін аңғарғанын білеміз. Оны буынның кірігуіне келтірген мысалдарынан байқауға болады: *атене, агеке, жақсат* деген сөздер - айтылу нормасына сай буынға белінгендер. Автор дауысты дыбыс таңбаларын мағына айырудан бөтен, көбінде буынның жуан-жіңішкелігін көрсететін қарақшы деп таниды.

Бүгінгі қазақ орфографиясындағы бір қиындық екінші буындағы *ә* әрпінің жазылуы болса, Қ.Жұбанов оны: «Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың *a-ә* екені дұдамал болса, немесе дұдамал болмай-ақ, анық *ә* дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандағыдай жуан айтылады да, *a* мен *e*, *қ* мен *к*, *ә* мен *г* бір келетін қосымшаларда *a*, *қ*, *ә* жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынынада *ә* жазылмай, *a* жазылады: *кітапца* (*кітәпке* емес)» деп шешкен. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы жазуда лингвалды үндесім құбылысын таңбалау арқылы және ұяң дауыссыздарға артықшылық беру арқылы тілдің ерекшелігін айқындаса, Қ.Жұбанов тілдің қысаң емес, ашық сипатын, жіңішке емес жуан сипатын таңбалауды дұрыс көрді. Бұл қағида қазақ жазуының бүгінгі проблемасына қатысты. ҚТОС-тың 1964 жылы басылымы бұл қатарды Қ.Жұбановтың пікіріне сүйеніп, *күішала, дұдамал, ділда, күнә, кінә* сияқты сөздерді *a*-мен таңбалады. Кейін жазу практикасы мен ОС арасында қайшылық туған соң, алдыңғысы ескеріліп, ҚТОС-тың кейінгі басылымдары *ә*-мен қалыптандыра бастады. 2001 жылы сөздік тек барыс жалғауын ғана жуан вариантта, басқа қосымшаларды жіңішке формада жалғауды ұсынды.

Ал ғалымның кірме сөздердің емлесі жайлы айтқан пікірлері арнайы сөз қылуды қажет егеді. Өйткені бүгінгі таңда жаңа латын графикасына көшу қарсаңында немесе орыс графикасынан бас тартудың себебін іздеу барысында, жоғарыда ескерткендей, Қ.Жұбановтың қазақ тілінің даму бағыттарына тигізген ықпалы көрінеді. Ғалым шетгілдік сөздерді орыс

тіліндегі орфографиясымен қоса қабылдауды ұсынды, бұл ұсыныс қолдау тауып, қазірде біз екі түрлі алфавит, екі түрлі орфография пайдаланамыз: қазақ тілінің төл сөздерін таңбалайтын және шеттілдік сөздерді жазу орфографиясы. Жазылған сөз ішінде *ц, щ, ь, ь, ч* таңбалары кірме сөз екеніне маркер болып тұрады. *h, x, ф*-п дыбыстары бір фонеманың варианттары екенін біле тұрып, Оңтүстік қазақтарының тілінде *f, h, x* дауыссыздарының анық айтылатынын ескертеді. Осы орайда терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағындырып жазғаннан гөрі, түбірін цитаталық, қосымшасын фонетикалық принциппен жазғанды ұсыну Қ.Жұбанов тарапынан шыққанын айта кеткеніміз жөн. Бұл кірме сөздер қазақ тіліне сай орфограммалаудың қиындығынан, жазудағы ала-құлалыққа тосқауыл қоюды ойластырған ниетінен шықты дейміз.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарына түсінік беріңіз?
2. А. Байтұрсынұлының емле ұстанымы қандай болды?
3. Орфограммалау тәсілдері дегеніміз не?
4. Ол қандай тәсілдерді ұстанды?
5. Қ. Жұбановтың әліпби, емле туралы қандай тұжырымдар жасады?